



Талдықорған

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№41 (1831) Жұма, 11-қазан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ОРТАҚ МҮДДЕ

«ТМД+» ФОРМАТЫН ҚҰРУ ҰСЫНЫЛДЫ

Мәскеуге жұмыс сапарымен келген Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Қазақстан Президенті дәстүрлі қонақжайлығы және Ресейдің ТМД-ға төрағалық ету барысында нәтижелі жұмыс атқарғаны үшін Владимир Путинге алғыс айтты.

Мемлекет басшысы 1991 жылы Алматы Декларациясының негізінде құрылған ТМД-ның әлеуетін беделді халықаралық ұйым ретінде одан әрі нығайту Қазақстан үшін басты басымдықтың бірі екеніне назар аударды.

«Өткен ғасырдың 90-жылдарында Балқан түбегіндегі секілді күрделі жағдайларға посткеңестік аумақта жол берілген жоқ. Мұнда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үлесі зор деуге болады. Сондықтан Достастықты сақтау керек деп ойлаймын. Осы мақсатта өзара сенімді нығайтудың ең тиімді шараларын қабылдап, мемлекеттер басшылары деңгейінде бір-бірімізді негізсіз сынап-мінеуден аулақ болып, ұстамдылық пен парасаттылық танытқанымыз жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, геосаяси тұрақсыздық пен аумалы-төкпелі халықаралық ахуал жағдайында өтіп жатқан бүгінгі кездесу Ұйым жұмысына тың серпін беруге тиіс.

«Достастық БҰҰ-ның түрлі құрылымымен, сондай-ақ басқа да көптеген халықаралық және өңірлік ұйыммен ұтымды байланыс орнатты. ТМД-ның әлемдік аренадағы беделі артып келеді. Былтыр ТМД жанындағы Бақылаушы және Серіктес мәртебесі бекітілді. Бұл шешім ұйымның кемеліне келгенін және ашықтығын көрсетеді. Осы жүйелі жұмысты жалғастырып, «ТМД+» форматын құру туралы мәселені қарастыруды ұсынамын. Мұндай



алаң Достастықтың өңірлік байланыстарын кеңейтуге негіз болады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, әлем экономикасында тұрақсыздық белең алып тұрған жағдайда сауда-экономикалық ықпалдастық мәселелері ұдайы назарда болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ТМД нарықтары қашанда маңызды екенін жеткізді.

«2023 жылы қабылданған көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы және инвестицияларды жүзеге асыру туралы келісім сауда-экономикалық байланыстарымызды жан-жақты тереңдетуге ықпал ететініне сенімдімін. Сонымен қатар өнеркәсіптік кооперация, кедендік реттеуді оңтайландыру, жаңа логистика тізбектерін қалыптастыру, цифрлық технологияларды енгізу мәселелері бойынша ықпалдастықты күшейту жұмыстарын жалғастырудың маңызы зор. Бүгінде жәрмеңке саудасына сұраныс жоғары. Осыған орай «Достастық жәрмеңкесі» атты мемлекетаралық

бағдарламаны іске қосуды ұсынамын. Оның аясында ТМД елдерінің түрлі қалаларында жыл сайын сауда-саттықтың көрігін қыздыратын іс-шаралар өткізуге болады. Оған бүкіл Еуразия өңіріндегі шеберлер мен шаруаларды да шақырған жөн. Алғашқы көрмені Қазақстанның ең көне қалаларының бірі – Таразда ұйымдастыруға дайынбыз. Бұл шаһар ежелде Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды торап болғандықтан «керуеншілер қаласы» деп те аталған, – деді.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық кооперацияның тиімділігі көлік дәліздерінің дамуымен тығыз байланысты екенін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстан негізгі халықаралық бағыттардағы теміржол инфрақұрылымын жаппай кеңейтуге кіріскенін айтты.

Жоғары оқу орындары мен жастар арасындағы қарым-қатынасты дамыту – бірлескен жұмыстың маңызды бағыты. Мемлекет басшысы студент алмасу және ғылыми тағылымдамадан өту ісін жандандыру үшін «Достастықтың

академиялық астанасы» атты жаңа бағдарламаны іске қосуды ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Еуразиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын бірлесіп әзірлеудің де айрықша мәні бар. Президент мұндай тағдыр-шешті мәселенің ТМД елдерінде талқылануы орынды деп санайды.

Қазақстан Президенті келесі жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге қатысты ойын жеткізді.

«Бұл – Достастық елдерінің барлық халқын біріктіретін айтулы дата. Еркіндік

пен әділдік салтанатының нышанына баланатын мазмұнды мереке. Біз әкелеріміз бен аналарымыздың, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің адамзат тарихындағы өшпес ерлігін әрдайым есте сақтауға тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы ТМД-ға Тәжікстан Республикасының төрағалық ету және кезекті саммитті Душанбеде өткізу туралы шешімді қолдайтынын жеткізді.

www.akorda.kz

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ СЪЕЗИ

ІЗГІ НИЕТ ЕЛШІЛЕРІ САЙЛАНДЫ

Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Ахатшылығының XXII отырысы өтті. Парламент Сенатының спикері – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен кездесуге 19 елден келген дін қызметкерлері мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Бейбітшілік және келісім сарайында ұйымдастырылған ауқымды іс-шара түрлі ұлттардың және конфессиялардың ынтымақтастығын көздейтін идеяға негізделген. Отырысқа қатысушылар қазіргі тәуекелдер мен сын-қатерлерді бірлесіп еңсеру жөнінде пікір алмасты. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алдағы VIII съезінің күн тәртібін талқылады. Сондай-ақ жиын барысында съездің Ізгі ниет елшілері сай-

ланды және дін қызметкерлері жоғары наградалармен марапатталды.

Мәулен Әшімбаев, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы:

– Былтыр біз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің 20 жылдық мерейтойын атап өттік. Осы уақыт ішінде съезд жаһандық маңызға ие дінаралық диалог алаңына айналды деп сенімді

түрде айта аламыз. Бұл біздің ортақ жетістігіміз. Съезд және оның хатшылығы қызметіне көрсетіп келе жатқан жан-жақты қолдауларыңыз бен ерекше ықыластарыңыз үшін сіздерге шынайы алғысымызды білдіреміз. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезінің жалпы отырысы мен панельдік сессияларының тақырыптары және өтетін мерзімі белгіленді. Соған сәйкес келесі құрылтай 2025 жылы 17-18 қыркүйекте өткізіледі және ол «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналмақ.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, одан бөлек съезд хатшылығының XXII отырысының хат-

тамасы қабылданды. Кездесу барысында қатысушылар қазіргі заманғы сын-қатерлерді бірлесіп еңсеру мәселелері бойынша пікір алмасты. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасына қатысты сұрақтарды талқылады және алдағы VIII съездің күн тәртібін белгіледі.

Мәулен Әшімбаев, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы:

– Съездің ізгі ниет елшілері болып Иерусалим Патриархы Феофил III, Америка қауымдастығы бас хатшысының орынбасары Джо Уэлм, Мұсылман кеңесінің бас хатшысы Мұхаммед Абдел Салам және Қазақстанның мәдениет және қоғам қайраткері Димаш Құдайбергел тағайындалды.

www.zakon.kz

ЖАС ДІНИ ЛИДЕРЛЕР ФОРУМЫ ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ



Елордада Тәуелсіздік сарайында Жас діни лидерлер форумы өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев форум қатысушыларына құттықтау жолдады. Оны Сенат төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев оқып берді.

«Мен осыдан екі жыл бұрын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде оның жұмысын жандандыратын жаңа тәсілдер ойластыруды ұсынған едім. Форум делегаттары бұл ұсынысты бірауыздан қолдады. Қазір осы бағытта бірқатар игі бастама іске асырылып жатыр. Соның бірі – Жас діни лидерлер форумы. Осы аса маңызды іске жас буын өкілдерін жұмылдыру уақыт талабы. Себебі өскелең ұрпақ қашан да жаңашылдық пен жасампаздықтың жар-

шысы», - делінген Мемлекет басшысының құттықтау хатында.

Түрлі елдерде тұратын жастардың дін саласындағы ынтымақтастығы адамзаттың рухани болашағын айқындауға терең әсер етеді.

Қазір әлемде геосаяси қайшылықтардың салдарынан түрлі сын-қатерлер пайда болды. Осы алмағайып кезеңде халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады. Ал оған жастардың белсене қатысуы оның жұмысына серпін берері сөзсіз. Қазақтың ұлы ойшылы Абай толық адам туралы айтып кеткен болатын. Бұл тұжырым парасат, пайымы, білімі тоғысқан, бойына рухани құндылықтарды сіңірген адал азамат деген ұғыммен үндес. Сондықтан жастарды толық адам болуға ұмтылып, әлемнің дамуына үлес қосуға шақырамын, - деп айтып, Президент форум жұмысына сәттілік тіледі.

(Ғаламтор желісінен)



ҮШ ЖЫЛДА 1 МЛРД-ТАН АСТАМ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗУ ҚАЖЕТ



Қазақстанда 2027 жылдың соңына дейін тағы 1 млрд-тан астам көшет отырғызып, өсіру қажет. Бұл міндетті іске асыру толығымен әкімдіктердің сапалы жұмысына және министрлік тарапынан нақты үйлестіруге байланысты болмақ. Осы орайда кешенді ғылыми тәсілді қолдана отырып, ағаш отырғызу әдістерін жетілдіру тапсырылды. Дайындық жұмыстарын тиімді жоспарлаудың маңыздылығы да атап өтілді.

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының мемлекеттік орман қорын ұлғайту жөніндегі тапсырмаларының іске асырылу барысы қаралды. Атқарылып жатқан жұмыстар туралы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, бірқатар облыс әкімдері баяндады, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Елімізде 2021 жылдан бері қарай шамамен 970 млн көшет отырғызылған. Бұл ретте 5 жыл ішінде республиканың орманды алқаптары 267 мың гектарға ұлғайды.

«Мемлекет басшысы 2 млрд түп ағаш отырғызу міндетін қойды. Бұл еліміздің орман қорын 14,5 млн гектарға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Орман алқаптары мен

саябақтарды кеңейту, болашақ ұрпақ үшін биологиялық әркелкілікті сақтау – экологиялық ахуалды жақсартуда маңызды басымдықтардың бірі. Бұл – аса күрделі әрі ұзаққа созылатын жұмыс, оны ұдайы назарда ұстау қажет. Сондықтан барымызды сақтап, жерімізді жасыл желекке айналдыру үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов. Сонымен қатар отырғызылған ағаштардың жерсініп кету деңгейіне назар аударылу да. Премьер-Министр әкімдіктердің санда бар, санатта жоқ ағаштар туралы күмәнді ақпарат беру фактілері кездесетінін, көзбояушылықтың жолын кесіп, кінәлілерді жауапкершілікке тарту керектігін атап өтті.

РЕФЕРЕНДУМ – 2024 РЕСМИ НӘТИЖЕ

2024 жылғы 8 қазанда Орталық сайлау комиссиясы қазақстандықтардың атом электр стансасын салу жөніндегі референдумдағы дауыс беру нәтижелерін жариялады, - деп хабарлайды Zakon.kz.



Референдум бойынша Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, референдумда дауыс беруге құқығы бар 12 284 487 адамның 7 820 204-і, яғни 63,66 пайызы дауыс берген.

«Референдумға қойылған мәселенің оң шешілуіне дауыс берген азаматтардың саны 5 млн 561 мың 937 адамды немесе 71,12 пайызды құрады», - деді Нұрлан Әбдіров.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ОБЛЫС ФЕРМЕРЛЕРІНЕ КӨМЕК

Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Бахтияр Шамшиков пен «Әділдік пен Өркендеу» ҚҚ өкілдігінің басшысы Әлия Ахмедиева «Ауылшаруашылық өнімдерін өткізу мәселелері бойынша облыс фермерлеріне қолдау көрсету» тақырыбында өткен баспасөз жиынында спикер болды.



Бахтияр Қалдыбатырұлының айтуынша, облыста ауылшаруашылығы өнімдерін өңдейтін 120 кәсіпорын бар. Жыл басынан бері өндірілген өнім көлемі 52,7 млрд. теңгеге жеткізілді.

2024 жылдың 1 қыркүйегіндегі статистикалық мәліметтерге сәйкес, мал басы 2 млн 786 мыңға жетіп, өткен жылы 106 мың тоннадан астам ет өндірілсе, биыл бұл көрсеткіш 110 мың тоннаны құрайды, ал сүт өндірісін биыл 225,3 мың тоннаға жеткізу жоспарланып, бүгінде 142,4 мың тоннасы өндірілген. Облыс аумағында 26 мың басқа арналған 71 бордақылау алаңдары мен 36 сүт тауарлы фермалары жұмыс жасауда. Ал егіс көлемі 44,3 мың гектарға ұлғайып, 510,1 мың га жетіп отыр.

Ал жалпы алғанда облыста суармалы су беруге арналған 54 гидротехникалық құрылыс, оның ішінде 8 су қоймасы, 16 тоған, 10 бөгет, 20 су жинау торабы бар. Осы су шаруашылығында 11 нысанның

құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Су үнемдеу технологиясы енгізілген. Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы индустриалды аумақта жылдық қуаттылығы 110 бірлікті құрайтын «BNK irrigation» жаңбырлатып суғару қондырғысын шығаратын шағын зауыт құрылысы қолға алынған. Ағымдағы жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасына республикалық бюджеттен 2 млрд. теңгеден астам қаражат қарастырылып отыр. Бұл бағдарлама негізінде 440 несие беріліп, 760 жұмыс орны құрылмақ. Өңірде қант қызылшасы 13,7 мың гектарға егілді. Осы жылы 96 мың тонна қант өндіру көзделуде. Негізінен бұл бағытта жаңадан 8 сервистік даярлау орталықтары құрылды. Ауыл еңбеккерлері өз өнімдерін жинап алуға кірісіп кеткен. Ауылшаруашылығын өркендетуге көптеген ірі жобалар да қолға алынған.

Д. МӘКЕН

ҚҰҚЫҚ БАЛА ТӘРБИЕСІ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Талдықорған қаласы әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабековтың төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы кәмілетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібінде Талдықорған қаласының полиция басқармасының есебінде тұрған мектеп оқушыларының отбасылық проблемалық мәселелері қаралды.

Қаралған мәселелердің қорытындысы бойынша мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

КУЛЬТУРА



ИСКУССТВО ТЕАТРАЛЬНОЕ НЕ ВЕДАЕТ ГРАНИЦ!

В понедельник в областном центре состоялось открытие международного театрального фестиваля «BIKEN II» имени народной артистки, лауреата Государственной премии СССР и Казахстана, заслуженного деятеля культуры Кыргызстана, выдающейся актрисы театра и кино Бикен Римовой.

Приветствуя гостей мероприятия и тонких ценителей искусства, аким области Жетісу Бейбит Исабаев отметил, что фестиваль, названный в честь известной народной артистки страны Бикен Римовой, проводится в регионе во второй раз.

«Этот праздник искусства – яркое проявление творчества, культуры и национальных традиций. Он занимает особое место, объединяя театральных мастеров и талантливых артистов из разных уголков мира. Шахен Айманов говорил: «Театр – это место, где человек видит себя на сцене и понимает себя». Ваше прекрасное искусство духовно совершенствует зрителей и дарит особое удовольствие. Пусть произведения великих классиков и лучшие пьесы молодых драматургов проложат путь со сцены к сердцам зрителей. Желаю артистам, чья судьба связана с театром, творческих успехов и больших достижений», – сказал Бейбит Исабаев.

После был представлен экспертный состав фестиваля, в который вошли: кандидат искусствоведения, профессор, народный артист Казахстана, лауреат Государственной премии, кавалер орденов «Барыс» II степени, «Парасат», «Достық» и «Звезда Содружества» Тунгышбай Жаманкулов; театровед, доктор искусствоведения, профессор кафедры «История и теория театрального искусства» Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова Бакыт Нурпеис; театровед, педагог, советник художественного руководителя Татарского государственного театра кукол, советник министра культуры РТ, председатель Общественного совета Министерства культуры РТ, лауреат театральной премии им. Д.Сиразиева и республиканской премии им. М.Джалила Нияз Игламов; сценарист, магистр Тбилисской академии художеств, победитель международных и республиканских фестивалей Тамара Охиян; театровед, магистр искусствоведения, лауреат

Государственной молодежной премии «Дарын», руководитель отдела литературно-научного фонда Казахского национального драматического театра им. К.Куанышбаева Абилай Мирас.

Как отметили эксперты на пресс-конференции, прошедшей перед официальным открытием мероприятия, цель фестиваля – это укрепление творческих связей между театральными коллективами и интеграция в международный театральный процесс, повышение эстетического уровня и построение профессиональных отношений, создание условий для разработки партнерских и совместных творческих проектов, выявление и поддержка нового поколения молодых режиссеров, актеров, драматургов и художников.

В этот же день перед зрителями и экспертами выступили Жамбылский областной русский драматический театр с пьесой «Дубровский» драматурга Виктора Гроссмана и Государственный драматический театр Поти им. В.Гуния с пьесой Уильяма Шекспира «Буря».

В целом, международный театральный фестиваль «BIKEN II» проходил с 7 по 10 октября. В нем участвовали 8 театров: Жамбылский областной русский драматический театр, Государственный драматический театр Поти им. В.Гуния (Грузия), Казахский музыкально-драматический театр им. С.Кожамкулова (Улытауская область), Государственный театр в Эрзуруме (Турция), Западно-Казахстанский областной казахский драматический театр им. Х.Бокеевой, Иссык-Кульский областной музыкальный драматический театр им. К.Жантошева (Кыргызстан), Театр им. Б. Омарова «Жас сахна».

Организаторы творческого мероприятия: акимат области Жетісу, ГУ «Управление культуры, архивов и документации области Жетісу», Талдыкорганский драматический театр имени Б.Римовой.

Фото Жениса ЫСКАБАЕВА

ОБРАЗОВАНИЕ

УЧЕНИКИ ВЫВОДЯТ НОВЫЕ СОРТА ПШЕНИЦЫ

Ученики 10 классов Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган исследуют новый вид пшеницы, рассматривая влияние генов на уровне продуктивности колоса.



В NIS Талдыкорган с 2017 года успешно реализуется проект «Работа с учеными». Под руководством ученых из ведущих казахстанских университетов как КазНУ, Назарбаев Университет, а также Беларуси учащиеся разработали и защитили ряд научных работ.

Так, в этот раз юные новаторы Интеллектуальной школы начали работы по исследованию и выведению нового сорта пшеницы, а также изучению способов ускоренной селекции. Руководителем выступил учёный Жетісуского университета имени Ильяс Жансугурова Канат Ермакбаев.

«Пшеница является одной из ключевых культурных злаков в мире. Однако урожайность пшеницы в нашей стране остается относительно на низком уровне – около 1 тонны на гектар уже на протяжении десятилетий. Поэтому понимание генетического контроля высоты пшеницы становится важной задачей для улучшения производства, так как данный фенотип является компонентом урожайности», – рассказал в интервью ученик 10 класса Ален Оразбек.

В команде над проектом работают шесть учащихся. На сегодня ребята занимаются изучением ДНК на основе аллельной комбинации хромосом 5А и 6А.

Стоит отметить, что на базе Жетісуского университета уже получили первый урожай пшеницы за 60 дней с помощью новейших методов селекции растений, как «Speed Breeding» и «молекулярная селекция».

ОДНО СЕЛО – ОДИН ПРОДУКТ ПЯТЕРКА ЛУЧШИХ – В ФИНАЛЕ

Из десяти полуфиналистов проекта «Одно село – один продукт», дошедших до полуфинала, членов бренд-комитета впечатлила продукция пяти участников.

В регионе Жетісу ярмарки-выставки в рамках данного проекта проводятся с прошлого года. Основная его цель заключается в презентации продукции местных производителей, выбор конкурентоспособных товаров, обладающих потенциалом выхода как на внутренний, так и внешний рынки.

Участие в выставке дает возможность презентовать населению свою продукцию, пополнить клиентскую базу. Как ранее уже писалось, ассортимент товара был очень разнообразен – от молочной продукции до войлочных изделий.

Финалистами этого года стали Юлия Фисюкова, Ляззат Чайгараева, Динара Адилбаева, Жанар Турганбаева и Эльмира Акпанова.

Юлия Фисюкова – жительница Саркандского района, фармацевт по профессии. Порядка десяти лет назад бизнесвумен заинтересовалась увлекательным процессом создания мыла, и ее хобби постепенно переросло в любимое дело. В ассортименте товара этой участницы конкурса – мыло на основе пальмового, кокосового, касторового масел, которые хорошо помогают в лечении волос, очищении кожи лица. В состав ингредиентов продукции входят ромашка, зверобой, календула, лопух. В дальнейшем бизнесвумен планирует расширить производство, для которого необходимо дополнительное оборудование.

Ляззат Чайгараева – бизнесвумен из Панфиловского района, четыре года назад увлеклась производством верблюжьего молока, презентуемое в капсулах, и полезна в лечебных целях и косметологии. Работа ведется на международном уровне, реализуется в Дубай, Узбекистан, Кыргызстан, Таджикистан, Россия, Турция. На сегодняшний день в производстве капсульного молока задействовано порядка 20 человек. Бизнесвумен планирует увеличить объемы продукции, и в этой связи предстоит расширение штата работников.

Динара Адилбаева из Алакольского района построила бизнес на производстве национальных мясных деликатесов – жая, копченые касы и курдюк. Как и любая хозяйка начала готовить для семьи, но в желании совершенствовать достигла уровня, когда не стыдно и реализовывать свою продукцию. В ассортименте Адилбаевой более десяти видов мясной продукции. Товар реализуется через социальные сети и пользуется большим спросом у жителей южной столицы. В цеху бизнесвумен трудится четыре человека. Спрос на продукцию хороший, но не хватает помещения, чтобы расширить производство.

Жанар Турганбаева – многодетная мама из города Талдыкоргана. На протяжении трех лет производит крафтовые сыры. Для приго-



товления сыров используется местное сырье, исключительно цельное фермерское молоко высочайшего качества, без добавок и консервантов. В ассортименте ее продукции такие виды сыров, как моцарелла, буррата, халлуми, чечил сливочный, кефир с пробиотиками, курт из цельного молока, творог, полутвердые и твердые сыры. В дальнейших планах у бизнесвумен – расширение.

Эльмира Акпанова – жительница Саркандского района. Она презентовала членам Бренд-комитета одежду, головные уборы, обувь, аксессуары, интерьерный войлок собственного пошива. Интерес к моделированию, созданию интерьера возник еще в детстве, и по мере взросления совершенствовалась обретенные навыки. Любовь к традиционному ремеслу привела ее к войлоковальничеству. Когда сформировалась постоянная база из заказчиков, задумалась над открытием бизнеса, а в последующем открыла сельскохозяйственный производственный кооператив «Акпанай». Для продвижения своего товара Эльмира Акпанова активно участвует в тематических ярмарках и фестивалях. В планах у искусницы – расширение ассортимента, создание еще больше прекрасных вещей, а также выход на международный уровень.

Как отметил директор Палаты предпринимателей области Жетісу Даурен Онолбаев, возглавивший работу Бренд-комитета, все проекты, представленные на «суд» заседателей, можно назвать уникальными, но выбрать предстояло наиболее перспективные.

«Презентация товара перед экспертами дает возможность участникам получить дельный совет по поводу того, как улучшить презентабельность товара, чтобы он стал более привлекательным для потенциального покупателя, каким образом можно улучшить вкусовые качества и многие другие полезные рекомендации. Поэтому, думаю, что участникам, не ставшим финалистами, расстраиваться не стоит. Они получили ценные советы и обязательно к ним прислушаются», – отметил Даурен Онолбаев.

МАЛЫЙ БИЗНЕС РАДУЖНЫЕ ПЕЛЬМЕНИ ОТ ИП «АСЫЛ»

Времена, когда вся семья собиралась вечерами за лепкой пельменей, ушли в прошлое. Вкусная домашняя еда по-прежнему ценится, а вот тратить время на ее приготовление уже нет желания. Все большее количество семей покупают готовые полуфабрикаты.

Динара Усербаева всегда хорошо готовила. Особенно любила делать пельмени, которые очень нравились членам ее семьи и гостям. Так, созрела идея кормить вкусно не только родственников, но и других людей, при этом получая дополнительный доход.

В 2022 году Динара открыла ИП под названием «Асыл». Открыв небольшой цех, начала заниматься деятельностью по производству домашних полуфабрикатов.

В ассортименте продукции включены разнообразные блюда: радужные пельмени, домашние пельмени, вареники с картошкой и творогом, манты, тефтели, фрикадельки, голубцы и лапша. Вся продукция производится из натуральных и свежих ингредиентов, без



добавления консервантов и искусственных красителей, что делает полуфабрикаты полезными и безопасными для потребления.

Постепенно наладив производство и нарабатывая постоянных клиентов, Динара Усербаева решила расширить цех. Обратившись в АО «Банк ЦентрКредит», она получила кредит на пополнение оборотных средств. Проект был поддержан Фондом «Даму» в рамках программы «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы» по инструменту субсидирование.

Полосу подготовила Алма УРАЗАЕВА

Мерекелеріңіз құтты болсын!



ҰЛАФАТ ИЕЛЕРІНЕ - ҚҰРМЕТ

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да олар әрдайым құрметті тұлға ретінде ерекшеленеді. Жылда жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Ұстаздар күні де күздің үлесіне тиеді. Елімізде 5 қазан ұстаздар күні ретінде мерекелені бастады.

Ұлт көсемі, ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны мұғалім, мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы».

Сырттай қарапайым болғанымен, тарихтағы ұлы істі атқарып жүрген жұмыс – ұстаздікі. Мейлі сіз ғалым болыңыз, жұлдыз, тіпті беделді азамат, президент болып кетсеңіз де сізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға қақыңыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету – сол адамға деген сый-сияпат емес, сіздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғаныңыз. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі барын есте сақтаңыз.

Жетісу өңірінде ұстаздар күні мерекесіне орай білім саласына қосқан үлесі мен кәсіби қызметіндегі ерекше жетістіктері үшін 1000-нан астам ұстаз марапатталды. Облыстық Б.Римова драма театрында облыс әкімі Бейбіт Исабаев облыстың педагогикалық қауымдастығын арнайы құттықтады.

Заманауи әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдануда жоғары жетістіктерімен, шығармашылы-

ғымен және табыстарымен көзге түскен бірқатар ұстаздардың есімі ерекше аталды. Сонымен қатар облыс басшысы білікті педагог кадрлар тапшылығы мәселесін шешуге баса назар аударды. Бүгінде облыста 21 мыңнан астам педагог еңбек етеді. Соның ішінде 3600-ден астам жас маман ауылдық жерлерде жұмыс істеуде.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша облыста 1600-ге жуық педагог тұрғын үй алуға пайызсыз несие, 2900-ден астамы көтерме жәрдемақы алды.

– Ұлт болашағын қалыптастыру жолындағы орасан зор жауапкершілікті сезініп, жас ұрпақтың бойына білімге, өнерге, еңбекке деген сүйіспеншілікті оятып жатқаныңыз үшін сіздерге шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбекте табысты болуларыңызды тілеймін, – деді облыс басшысы.

Облыстық байқаулардың қорытындысы да жария етілді. «Үздік мектеп» Көксу ауданындағы Б. Құндабаева атындағы №1 орта мектеп аталды. «Үздік балабақша» аталымын Талдықорған қаласындағы №7 балабақша иеленсе, жылдың «Үздік сынып жетекшісі» аталымына М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясының мұғалімі Бақыт Керімбекова қол жеткізді.

Облыстық «Жетісу ұстазы» байқауында М. Арын атындағы №24 мамандандырылған мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі Мәулет Қиса марапатталды.

Тағы да бірқатар ұлағат иелеріне «Ы. Алтынсарин», «Білім беру ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» медальдарымен қатар, облыс әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттары табыс-талды.

Өз тілшіміз



«ҮЗДІК БАЛАБАҚШАНЫҢ» ТОЛАЙЫМ ТАБЫСЫ

Ұстаздар мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған облыстық «Үздік балабақша» байқауына Жетісу өңірінің қалалары мен аудандарында үздік деп танылған мектепке дейінгі ұйымдар қатысқан еді. Бұл аталмыш байқау 2 кезеңге өтті. Бірінші кезеңде балабақшалар таныстыру мен жұмыс тынысы туралы бақ сынасса, екінші кезеңде тиімді әдістемелер мен озық технологияларды, тәжірибеге жеткен жетістіктерін ұсынды.

Облыс бойынша қатысқан 10 мектепке дейінгі тәрбие ошағының ішінен сайыста Талдықорған қаласындағы №7 бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 1-орынды жеңіп алып, облыс әкімінің арнайы 1 млн теңге жүлдесін

иеленді.

Балабақша меңгерушісі Гүлниса Тұлымшақова: «Ұжым бұл жетістігін Талдықорған қаласының 80 жылдық мерейтойына арнайды. Бұл осында қызмет жасайтын әріптестеріміздің қол жеткізген табысы, бірлескен жұмыстары. Әрине, ұрпақ тәрбиесі – отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбиеде беріледі. Балалардың мектепке дейінгі тәрбиесімен айналысатын тәрбиешілер еңбегі зор. Марапат осы ұжымның берекеді жұмысына берілген баға деп ойлаймын. Ал иеленген жүлделі қаражатқа балабақшада тәрбиеленіп отырған өзге ұлт өкілдері балаларына қазақ тілін меңгертуге ықпал ететін арнайы құралдарды алу-ды жоспарлап отырмыз».

Дана ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

ҰЛТ МҮДДЕСІ

ДІНІҢ БОЛСЫН ДІН АМАН

Дінге еркіндік берілген заманда исламды жалау етіп, жүрген жолы мен ұстанымы бұзық секталар арамдыз бары рас. Енді олардан қалай сақтанамыз? Дінді бұрмалап жүргендердің арасынан, түрлі ағымға түсіп кеткендерден жастарды қалай арашалап аламыз? Ол үшін не істеу керек? Әрине, осындай сауалдарға жауап іздегенде, дінді оқып-білу керек екенін түсінеміз. Қоғамда түсінеушілік туындамас үшін дұрыс насихат жүргізудің маңызы зор. Осы орайда еліміздің бірлігіне, мемлекетіміздің тұтастығына қызмет жасайтын, тілі мен дінін сүйетін азаматтардың белсенді болуы – халқымыздың бірлігінің кепілі. Мемлекет, оны құрайтын ұлт мүддесі үшін қолға алынған шаралардың қайсысы болмасын өте маңызды.



7-11 қазан аралығында «Жетісу облысының дін істері басқармасы» ММ мен «Болашақ бағдары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен облыс аумағында ақпараттық-түсіндіру топтарының түрлі деңгейдегі мүшелерін оқыту курсы өткізілді. Мұндағы мақсат – «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары мен дін саласын реттеуге бағытталған өзге де заңнамалық актілер негізінде облыс аумағында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру және дін саласындағы проблемалық мәселелерді талдау, БАҚ-та жариялауды құқықтық жағынан реттеудің жаңа әдіс-тәсілдерін үйрету», - дейді ашылу салтанатына қатысқан «Жетісу облысының дін істері басқармасы» ММ басшысы Сағыныш Жаңабай. Қатысушыларға «IHSAN» ғылым және мәдениет орталығының төрағасы, Теология ғылымдарының Phd докторанты, республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Тимур Нүсіпханұлы мен Нұр-мұбарак университетінің профессоры, Исламтану бойынша Phd доктор, қауымдастырылған профессор, республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Асқар Әкімханов дәріс оқыды. Спикерлер мемлекеттің дін саласындағы саясатын түсіндірудің ең тиімді тәсілі – ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының өзектілігі, Ислам дініндегі деструктивті діни топтардың шығу себептері, исламдағы дәстүрлі суннилік бағыттың діни негіздері мен принциптері, Талибан және Таблиғи жамағат сынды діни ұйымдардың ғылыми платформа-сы саналатын Деобанд мектебінің Қазақстанға және Орталық Азия елдеріне діни-идеялық ықпалы, қазіргі замандағы пікірталас тудырған діни мәселелер, Қазақстандағы діни жамағаттар тақырыптарын қамтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Тимур Нүсіпханұлы, «IHSAN» ғылым және мәдениет орталығының төрағасы, Теология ғылымдарының Phd докторанты, республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі: – Кез келген қоғамда мемлекет және оның тұтастығы мен тәуелсіздігі ба-сты құндылық саналады. Бұл – ислам дінінің негізгі ұстанымдарының бірі. Себебі, ислам діні адамдарды бірлікке, ынтымаққа, мейірімді әрі жұмсақ болуға, өзге дін өкілдерімен келісімді әрі құрметпен өмір сүруге шақырып, ел ішінде топтарға бөлініп бүлік шығаруға, адами құндылықтарды жоюға түбегейлі қарсы. Өйткені қоғамда есімдерін исламға теліген, алайда жасаған іс-әрекеттері және айналасындағы қоғаммен қарым-қатынасы түбегейлі ислам құндылықтарымен сай келмейтін радикалды идеологиялық топтар белең алуда. Олардың басты белгілерінің бірі – тұрпы жатқан елдің, халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін дінге қайшы деп жоққа шығару, мойында-мау. Олар қазақ қоғамындағы дінге қайшы келмейтін ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге атусті қарап, оларды саналарындағы аз ғана діни білімімен таразылап, түптеп келгенде бидғатқа, адасушылыққа, күпірлікке, Аллаға серік қосу күнәсіне балап жатады. Аталған ради-калды діни топтардың бұндай қадамға баруына мынадай екі себеп түрткі болады: біріншіден, дін ілімдерінен сауатсыздық болса, екінші-діннің атын жамылып, қоғамның немесе мұсылмандардың арасына іріткі салу арқылы мемлекеттің ішкі тепе-теңдігін бұзу. Елімізде соңғы жылдары деструктивті діни ағымдар өкілдерінің қоғамға кереғар іс-әрекеттерінің алдын алу, қоғамда аталмыш деструктивті ағым өкілдерінің теріс идеологиясына қарсы тұра алатындай им-мунитет қалыптастыру, діни ағым өкілдерінің қатарына қосылған қандастарымыз бен отандастарымызға түсіндіру жұмыстарын жа-сап, оларды оңалту әрі қоғамға қайта бейімдеу бойынша жұмыстар атқарылып келеді.

Курс соңында оқу бағдарламасын толық меңгерген АТТ мүшелеріне аттестациялау жүргізіліп, арнайы куәліктер табысталды. Жетісу өңіріндегі ақпараттық түсіндіру тобына Алматыдағы «IHSAN» ба-спасынан шыққан «Ілгерідегі сәләф ұстанымы» еңбегі сый ретінде ұсынылды. Кітапта ілгерідегі сәләф ғалымдарының ұстанымы мен кейінгі деструктивті діни ағымдардың жіктелуі, түрлері, тармақтары жайлы жалпы мәліметтер беріліп, олардың қалыптасуы мен пайда болу тарихы баяндалған.

Гүлжанат НҰРШАНОВА



«Өнер адамы ізденбесе, өмірді көруден, оны сезінуден қалады. Жақси шығарма ойдан тұмайды, өмірден тұады. Жетісу табиғаты, оның таулары мен өзендері, көзіңді жұмар болса, көкірегіңде сайран тұрады»

Әбілхан ҚАСТЕЕВ

ТҰҒЫРЫ БИІК ТАУ ТҰЛҒА

Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Қазақты танығың келсе, Әбілхан Қастеевтің суреттерін көр, Әміренің әнін тыңда» деген екен. Себебі, суретші картиналарында ауыл мен дала, қазақ халқының тарихы, ұлттық нақышы бар. Қазақ бейнелеу өнерінің дарабозы Әбілхан Қастеевтің суреттері тек еліміздің көрмелері мен мұражайларында ғана емес, Америка, Мексика, Бразилия, Канада, Франция, Венгрия, Болгария, Үндістан, Индонезия, Италия сияқты бейнелеу өнерін қастерлей білетін елдерде өзгелерден бұрын танылып, «Мен сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, ешкінің мүйізінен, аномның оюынан үйрендім» деген әйгілі кескіндемеші, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл. Осы орайда Жетісу төрінде қылқалам шеберінің ескерткіші бой көтерді. Қола мүсін Көркемөнер галереясының ауласына қойылып, салтанатты шара өтті.



жөн деп шештік» – деп осы ескерткіште суретші бейнесін жеткізу идеясының авторы көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбековке, мүсіншілер Ринат Абенев пен Ербол Зиябековке жетісулықтардың атынан шынайы алғысын білдірді. Мұнан соң сөз алған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов, Қазақстан Суретшілер одағының басқарма төрағасы Әмірбек

Жұбаниязов, суретшінің қызы Гүлдария Қастеева көпшілікке арнап мерекелік лебізін жеткізді. Сондай-ақ, жиналған қауым экспозициялық көрмені тамашалап, суретшінің 9 картинасының түпнұсқасын көрді. Мерейтойлық жиын «Тұғыры биік тау тұлға» атты республикалық конференциямен жалғасты. Басқосуда Қазақстанның Халық жазушысы Бексұлтан Нұржанұлы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері және Қазақстанның

еңбек сіңірген қайраткерлері Махамбет Сейсенхан, Жанұзақ Мүсәпір, өнертанушы Әйгерім Еспенова, Ә.Қастеев музей-үйінің жетекшісі, қастеевтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Нұразхан, Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова баяндама жасады. Конференция барысында «Әбілхан Қастеев», «Өмір мектебі» кітаптарының тұсауы кесілді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



ламалар бөлімінің басшысы Мәди Шәкеновтың айтуынша, шараны өткізудегі басты мақсат – спортқа деген белсенділікті арттыру. Талдықорған қаласы бойынша қазіргі таңда 5 мыңнан аса мүгедектігі бар адам тұратын көрінеді.

Қатысушылар әртүрлі спорт түрлеріне, атап айтқанда, арбадағы мәнерлеп сырғанау, арбадағы жарыс, ядро, найза лақтыру, дартс, шахмат, тоғызқұмалақ, армрестлинг және балаларға арналған спорттық жарыс түрлерінен өзара бақ сынасты.

Осылайша, қатысушылар құрметіне концерттен бөлек, ыстық тамақ пен төтті сусындар тарту етілді. Жалпы айтқанда, Талдықорған қаласында ерекше қажеттілігі бар балаларды иппотерапия әдісімен емдейтін ат спорты кешені жұмыс жасайды. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту орталықтары бар. Ал спортшылардың жетістіктерін айтар болсақ, таңдай қақтырады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен және өнермен шұғылдануға деген ықыласы, ерік – жігерлері айтарлықтай. Олардың арасында тірек-қимыл жүйесі бұзылған және құлағы нашар еститін, көзі нашар көретін мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында өтетін сайыстарда топ жарып жүргені қаншама. Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, ҚР еңбек сіңірген спорт шеберлері де бар. Спорттық шарада А.Манкеев, Ә.Сәлімжан, Ұ.Қаипов найза лақтырудан тамаша нәтиже көрсетті. Шарада белсенділік танытып, жүлделі орын алғандарға грамота мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Гаухар Рақымқызы, ата-ана:

– Менің балам Нұртас Ерболұлы арқа-жон бұлшық еті ортопедиясымен ауырады. Алты айға толғанда бала қимылдап, еңбектеуі керек қой, ондай еш белгі байқалмады. Содан денсаулығында кінәрат бар шығар деп дәрігерлерге көрсеттік. Алматыға апарғанда диагнозы анықталып, Астанадағы «Ана мен бала» орталығында емделдік. Емге деп халық қаржылай көмектесті. Содан Дубайға барып ем қабылдадық. Өздеріңіз де ақпараттық демеу беріп, бала еміне атсалыстыңыздар. Қала екімдігі, демеушілер көмектесті. Еңбектейтін халге жетіп, елге оралдық. Қазір өзі қозғалады. Бірақ әлі де оңалтуға барып жүрміз. Демеушілер көмегімен Ресейдегі оңалту орталығына бармақпыз. Жаңа осы жерде Нұртас ән айтты. Өзінің өнге деген қызығушылығы ерекше. Ол үйде үшінші баламыз. Үйірмелерге қатысады, мәселен, роботтық техника, қыш жасау өнері қызықтырады. Денсаулыққа судың да пайдасы зор, сондықтан бассейнге барады. Жазылып кетсе деп тілеуін тілеп жүрміз.

Данагүл МӘКЕН

САЯБАҚ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

Талдықорған қаласы аумағында 126 гектарды құрайтын 5 саябақ, 40 сквер бар. Олардың таза, гүлдерінің жайқалып, шөптері мен ағаштарын кесу жұмыстарына бекітілген мердігер ұйымдары жауапты.



Саябақтар мен скверлерді қоқыстардан күн сайын тазартқанмен кей жерлері сын көтермейтін жағдайға жеткен. Осылайша қала тұрғындары демалатын «Жастар» және орталық саябақтарын қалпына келтіру мақсатындағы жұмыстар қолға алынған болатын. Жол төсемелері (брусчатка) ауыстырылса, енді орталық саябақтың аркаларына қайта жаңғырту жұмыстары басталып, қарқынды түрде жүргізілуде, дейді қала әкімінің баспасөз қызметі.

Саябақтарды ретке келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасатын болады. Тұрғындардың жанына жайлылық сыйлайтын мәдениет орындары қала көркіне керік берері сөзсіз.

Өткен сенбіде Ардагерлер саябағы нағыз спорт алаңына айналып, «Денсаулық – спорт кепілі» деп аталатын спартакиада өткізілді. Спорттық шараға Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қатысып, жарыс қатысушыларына сәттілік тілегі.

– Қала көлемінде спорттың қай түрі болмасын даму үстінде. Бүгінгі «Мүгедектігі бар тұлғалар» мерекесі қарсаңында ерекше күтімді қажет ететін жандардың қатысуымен «Спорт – денсаулық кепілі» атты эстафеталық жарыс өткізіліп отыр. Қош келдіңіздер. Жарыс жолына шығып, бақ сынайтын спортшыларға сәттілік тілеймін, – деді шаһар басшысы.

Мүгедектер күніне орай арналған шарада үнемі қалада өтетін іс-шараларға белсенді қатысып жүрген азаматтарға Алғыс хаттар табыстады.

Бұл спорттық шарада қатысушылар әр қоғамдық бірлестіктің ән айтатын, би билейтін өнерпаздарының концертін тамашалады.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдар-

ҰЛАҒАТ

«АБАЙ ӘЛЕМІ»

КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ БАЙҚАУЫ

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытуға, 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында қазақ халқының ұлы ойшылы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арнап «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ және Талдықорған қаласындағы Қ.Байсейітов атындағы саз колледжінің бірлесіп ұйымдастыруымен «Абай әлемі» атты қалалық көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы өтті.



Байқауға 15-22 жас аралығындағы қалалық колледждердің 9 студенті қатысты.

Байқаудың 1-кезеңі «Өлең сөздің патшасы сөз сарасы» Абай шығармаларын (білім, ғылым және өнер тақырыптарында поэзиялық шығармасын) жатқа мәнерлеп оқу; 2-кезеңі «Көңілім әнді ұғады» Абайдың өндерін орындау; 3-кезеңі «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» тақырыбына арналды.

Байқау нәтижесінде 1-орынды Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» колледжінен Алуа Джумадилова, 2 орынды – Талдықорған сервис және технология колледжінен Қаламқас Медетқызы, Талдықорған жоғары поли-

техникалық колледжі білімгері Александра Хатеновская, 3 орынды - Нұрзақ Алдияр Талдықорған индустриялық колледжі, Айсана Үркімбаева Жоғары медициналық колледжінен, Ерсултан Ермақұлы К.Байсейітов атындағы саз колледждерінің қатысушылары иеленді. Ал ынталандыру жүлдесін Қарақат Бағланқызы мен Қыдыр Ерасыл еншіледі.

Талдықорған қаласындағы Қ.Байсейітов атындағы саз колледжі ұжымына, барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз.

Сандуғаш АРНАЙҚЫЗЫ,
«Талдықорған қаласының мәдениеті және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ӘКЕГЕ МІНДЕТ

Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясында «Менің Мәкем – жақсы адам» атты әкелермен кездесу өтті. Жиын барысында бала тәрбиесіндегі заманауи тенденциялар мен ұлттық құндылық, білім берудің тиімді жолдары, ата-ана, бала, мұғалім үштігі сынды тақырыптар талқыланды.



«Әдеп-құқық жөніндегі ментор» жобасының менторы Бахтияр Уалиханұлы, мектеп басшысы Қарлығаш Замзина, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Қожекенова мен «Ұлағат» әкелер кеңесінің төрағасы Нұхфулла Кимадил бала тәрбиесі мен тұлғалық қалыптасуда әкенің рөлі жөнінде атап айтты. Ұйымдастырушылар әкелер қауымының педагогикалық және психологиялық білімін жетілдіру, түрлі қоғамдық шараларда олардың белсенділігін арттыру, өнегелі ұрпақ тәрбиесіндегі басты жауапкершілік тікелей ата-анаға жүктелерін түсіндіру мақсатында осындай жиын ұйымдастыру

қажет екенін жеткізді. Сондай-ақ, арнайы шақырылған спикер Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, «Мұра» зияткерлік мектебінің негізін қалаушы Алмас Тоқсанбай бірқатар өзекті мәселелерге тоқталды. «Абайдың бала тәрбиесіндегі ең бірінші қағидасы баланды емес өзіңді тәрбиеле дейді. «Өзің үлкен, қылығың — бала-шаға, Балаша мез боп жүрсің тамашаға. Әкесі ұрысса балаға, ол да — достық, Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?» «Балаша мез боп жүрсің тамашаға» дегені дәл мына біздің қоғамға айтылғандай. Телефоннан ойын ойнап отырған баласына, телефоннан мәнсіз- мағынасыз дүниелер көріп отырған әке не деп ақыл айта алады? Қазақта әке көрген оқ жонар дейді. Әке айтқан демейді, әке көрсеткен дейді. Балам үшін деп нан табу бір бөлек, балам үшін деп өзгеру бір бөлек. Абайдың бала тәрбиесіндегі екінші қағидасы баланды жақсы дүниелерге қызықтыр дейді. Баланы ғылымға баулу әкеге міндет, Алланы танытпақ, өзін танытпақ, дүниені танытпақ парыз. Абайдың бала тәрбиесіндегі үшінші қағидасы баланды бұзаба дейді. «Балам закон білді деп қуанар ата-анасы, ойында жоқ олардың шариғатпен шаласы» дегені балаға дүние ілімін, ақша табу, мансапқа жетуді бергенмен адамгершілік, адамдық борыш білімін бірге бер деп өсиет етеді. Баланы өтірікші, екіжүзді болуға құрмет, өзің бұзасың. Мысалы біз бүгін дастархан басында отырып алып, өкім жемқор, мұғалімдер білімсіз, анаған сенбе, мынаған сенбе десек, немесе Қазақстанның болашағы жоқ-ау деген өңгімені айтсақ, оны естіген жас жеткіншекте қайдағы отансүйгіштік, қайдағы ұстазға құрмет, адамдарға мейірімділік пен сенім болсын. Сол үшін сөз мінезге, мінез тағдырыңа айналады деп бекер айтпаса керек»-деді тарихшы, PhD доктор Алмас Тоқсанбай.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТАҒЗЫМ



ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

Қазақ КСР-інің халық суретшісі Нағымбек Нұрмұхамедовтың туғанына 100 жыл толуына орай Еркін ауылдық №3 кітапхана филиалында №11 мектептің оқушыларымен «Қылқалам шебері» атты ақпарат сағаты өткізілді.

Шара барысында кітапханашы Ляззат Нұрқасымова балаларға кескіндемеші, өнертану ғылым кандидаты, Қазақ КСР-інің халық суретшісі Нағымбек Нұрмұхамедовтың қондырғылы кескіндемеші әр түрлі жанрында жұмыс істегені, сюжетті картина саласында жемісті еңбек еткені туралы және өмірі мен шығармашылығы жайлы мәлімет беріп, өнерімен таныстырды. Н.Нұрмұхамедов еңбектері Канада, Бельгия, Югославия, Финляндия көрмелерінде қойылды. Қазақстанның бейнелеу өнері жөнінде кітаптар мен альбомдар шығарды. «Еңбек

даңқы ерлері» топтамасы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алған, «Құрмет белгісі», 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдармен марапатталған. Шара мақсаты – оқушыларды қазақтың саңлақ суретшісі туралы білімдерін толықтырып, суретшінің қылқаламынан туған шығармаларымен таныстыру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Жанар ЖАКИБАЕВА,
Еркін ауылдық №3 кітапхана филиалының меңгерушісі

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ – БИБЛИОГРАФ

Жетісу облысының Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының жоспарына сәйкес ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету сапасын арттыру, кітап пен оқуды насихаттау, кітапханалардың озық тәжірибесін зерделеу, жинақтау, тиімді және инновациялық жұмыс тәжірибесін танымал ету мақсатында «Үздік библиограф» байқауы ұйымдастырылды.



Байқауға 8 үміткер қатысып, үш кезең бойынша біліктілігін сынға салды.

Сайыста қазылар алқасының төрайымы, кітапхана директоры Шаяхметова Самал Қанатханқызы, ҚР Мәдениет саласының үздіктері Куляна Омарова, Ғалия Ешенова, Қазақстанның құрметті кітапханашысы, бөлім меңгерушісі Лаура Жапсарбаева қазылық жасап, қатысушылардың білім мен тапқырлығына баға берді.

Қатысушылар алғашқы кезеңде, яғни «Мен библиограф» кезеңінің барысында әр түрлі қырынан, заманауи бағдарламаларды пайдалана отырып өздерін таныстырып ақпараттық-библиографиялық жұмыстар түрлерінен берілген сұрақтарға жауап берді. Екінші кезеңде «Библиографиялық баспа жұмыстары» атауы бойынша өлкетану әдебиеттерін насихаттау мақсатында құрастырылған библиографиялық баспа құралдарын таныстыру, қорғау, кітап көрмелеріне оқырмандарды қызықтыратындай етіп шолу жасауға міндеттелді. Үшінші «Тарихы терең өлкем» атты кезеңінде қатысушылар өз өлкесінің танымал тұлғалары, тарихи орындары мен уақиғалары туралы нақты деректер келтіріп анықтау және сөз сөйлеу шеберлігі мен таныстыру кезінде тіл тазалығы ескерілді.

Басты мұрат – жеңу емес, жеңілу де емес болғандықтан, ережеге сәйкес байқау қорытындысының нәтижесінде «Үздік библиограф» номинациясын көп жылдан бері осы салада қызмет көрсетіп келе жатқан Ақсу аудандық кітапханасының библиографы Гүлшат Тұрсынқызы жеңіп алса, кітапханаға жұмыс істеуге жаңадан келген қызметкер Ескелді аудандық кітапханасының кітапханашысы Шындәулет Жазираға «Үздік библиографиялық құрал» номинациясының лентасы тағылып, сыйлық табысталды.

Байқаулар шындайды, үйретеді, бұл жолда болаттай қайнап шынығуымызға ықпалын тигізеді. Жалпы адамға өз-өзіне есеп беру үшін байқау керек. Осы байқауға белсене қатысып, өзінің тәжірибелік жұмыстарымен бөліскені үшін де барлық қатысушыларға Алғыс хат табысталды.

Кез келген адам өміріндегі мұндай сәт жүрек толқытар және есте қаларлық, осы деңгейдегі марапаттар жоғары кәсібилікті растай отыра, жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді анық.

Ғалия ЕШЕНОВА,
Жетісу облысының Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының бөлім меңгерушісі

ОҚЫТУ

ОРТА МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

Орта медицина қызметкерлерін даярлауда инклюзивті білім берудің маңыздылығы ерекше орын алады. Медициналық қызметкерлер денсаулық сақтау саласында жұмыс істей отырып, әртүрлі пациенттермен, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар адамдармен тығыз қарым-қатынаста болады.

Инклюзивті білім беру осы мамандардың кәсіби біліктілігін, эмпатиясын және әртүрлі пациенттердің қажеттіліктерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Оның маңыздылығын төмендегідей аспектілерде қарастыруға болады:

1. Пациенттермен жұмыс істеудегі кәсіби дайындық: Инклюзивті білім беру орта медицина қызметкерлеріне ерекше қажеттіліктері бар пациенттермен жұмыс істеу әдістерін үйретеді. Бұл оларды мейірімді, шыдамды және жоғары деңгейде кәсіби қызмет көрсетуге бағыттайды.

2. Тең құқықты қызмет көрсету: Инклюзивті білім беру орта медицина қызметкерлерінің әрбір пациентке, оның ішінде физикалық, ақыл-ой немесе сенсорлық бұзылыстары бар адамдарға тең дәрежеде көмек көрсетуіне көмектеседі. Бұл қызмет көрсету сапасын арттырумен қатар, пациенттердің қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға ықпал етеді.

3. Коммуникациялық дағдыларды дамыту: Орта медицина қызметкерлері инклюзивті білім берудің аясында әртүрлі пациенттермен қарым-қатынас жасаудың тәсілдерін меңгереді. Бұл оларға коммуникация кедергілерін жоюға және пациенттердің жағдайын жақсы түсінуге көмектеседі.

ДЕНСАУЛЫҚ

БРУЦЕЛЛЕЗДІҢ САЛДАРЫ

Бруцеллез – бұл жүйке, жүрек - бұлшықет жүйелерінің, сонымен бірге тірек - қимыл аппаратының зақымдалуымен, ұзақ ағыммен сипатталатын жұқпалы ауру.

Бруцеллез қоздырғыштары: Br. melitensis (негізгі иесі - қой, ешкі), Br. abortus (иесі - ірі мүйізді мал), Br. suis (иесі - шошқа, қоян, солтүстік бұғылар).

Бруцеллездің негізгі жұқпа көздері – қой, ешкі, сиыр, шошқа. Бруцеллезбен науқастанған адам жұқпалы емес, яғни ауру адамнан сау адамға ауру берілмейді.

Адам бруцеллезбен алиментарлы жолмен – ауру малдың сүті мен сүт өнімдерін пайдаланғанда, сонымен бірге жеткіліксіз термиялық өңдеуден өткен немесе шикі ет өнімдерін тағамға пайдаланғанда жұқтырады. Сондай-ақ қарым - қатынас арқылы да ауру жұқтыруы мүмкін, яғни бруцеллезбен ауырған үй жануарларын күтіп – баптаған кезде (ветеринарлар, зоотехниктер, малшылар, сауыншылар, шабандар және т.б.).

Бруцеллездің инкубациялық кезеңі бірнеше күннен бірнеше айға дейін созылады. Ауру белгілері: елсіздік, ұйқының бұзылуы, кейде қозғыштық, бастың ауруы, бұлшық еттер мен буындардың ауырсынуы, асқа



ЛИСТЕРИОЗ АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!

Листерия – адамның, ауылшаруашылығы жануарларының және кеміргіштердің табиғи-ошақты жұқпалы ауруы. Листерияның қоздырғышы алғаш рет 1911 жылы анықталған. Листерия қоздырғышы сыртқы ортада жоғары төзімді. Олар нәжісте, топырақта, дөңгертте, мұзға ұзақ сақталады, тоңазытқыш температурасында (+4 - +60С) көбейе алады, қыздырғанда, дезинфекциялаушы заттардың әсерінен тез өледі.

Жұқпаның берілу жолдары – алиментарлы, су, байланыс (етті жіліктеу және теріні өңдеу кезінде) арқылы, аэрогенді және трансмиссивті, сондай-ақ плацентарлы (ауру анадан ұрыққа).

Арудың инкубациялық кезеңі 3-тен 45 күнге дейін созылады. Листериялар адам ағзасына асқазан-ішек жолдары, тыныс алу мүшелері, шырышты қабаттар, зақымдалған тері және плацента арқылы енеді.

Ауру клиникалық көріністің полиморфизмімен – жеңіл, жасырын түрінен ауыр тонзиллитке, сепсиске, менингитке, менингоэнцефалитке және басқаларға дейін, ал жүкті әйелдерде – түсік тастау, өлі туу, ұрықтың дамуының әртүрлі аномалиялары, жаңа туған нәрестелер мен 1 жасқа дейінгі балаларда өлім-жітім жоғары ауыр ағыммен (20-25%) сипатталады.

Листерия қоздырғышы жұқтыру қаупі бар ең қауіпті контингенттер – жүкті әйелдер, жаңа туған нәрестелер, қарттар және иммунитеті төмендеген адамдар.

Аруды болдырмау үшін, міндетті түрде қарапайым ережелерді сақтау керек:

1. Тамақты дайындау алдында және кейін міндетті түрде қолды жуу керек;
2. Тамақ дайындайтын ас үйді, бөлетін тақтайшаларды, ыдыстарды мұқият жуу керек;
3. Тоңазытқыш пен мұздайқыштың температурасы тиісті деңгейде болуын қадағалаңыз.
4. Тамақ өнімдерін пайдаланар кезінде оның сақталу



4. Эмпатия мен төзімділікті тәрбиелеу: Инклюзивті білім беру мамандарға адамгершілік, эмпатия және төзімділік сияқты қасиеттерді дамытады. Бұл науқастардың психологиялық және эмоционалдық жағдайын түсіну үшін өте маңызды.

5. Кәсіби этика және құндылықтар: Инклюзивті білім беру орта медицина қызметкерлері кәсіби этика мен құндылықтарды меңгереді. Олардың ішінде адамның қадір-қасиетін, құқығын құрметтеу және барлық пациенттерге әділ қарау басты орын алады.

6. Медициналық қызметтерді қолжетімді ету: Орта медицина қызметкерлері инклюзивті білім алу арқылы денсаулық сақтау жүйесін баршаға қолжетімді ете алады. Олар ерекше қажеттіліктері бар адамдарға тиісті көмекті көрсете отырып, олардың денсаулық сақтау жүйесіне тең қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Осылайша, инклюзивті білім беру орта медицина қызметкерлерінің кәсіби және адамгершілік тұрғыдан дамуына әсер етіп, денсаулық сақтау саласында сапалы және әділ қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

**Ж.САГИНДЫКОВА,
ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК арнайы пән оқытушысы,
медицина ғылымдарының магистрі**

тәбеттің төмендеуі, дене қызуының 39-40°C дейін көтерілуі. Қызба кезінде қалтырау мен тершендік байқалады. Орталық жүйке жүйесінің функционалдық зақымдалу белгілері ерте пайда болуы мүмкін. Сонымен бірге лимфа түйіндері 1 см мөлшерде ұлғаяды. Аурудың 6 - 7 күнінен бастап бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы белгілерінің айқындалуы мүмкін.

Бруцеллездің алдын алу шаралары:

1. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе, төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқкиім, қолғап) киюмен жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасын ережелерін сақтау;
2. Тағам ретінде сапалы термиялық өңдеуден өткен ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін қолдану;
3. Ветеринарлық анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан ешқашан сатып алмау;
4. Ауладағы малдың арасында түсік тастау, өлі туу жағдайын дереу мал дәрігеріне хабарлау;
5. Малды жайлауға шығарар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерту.

Егер осы қарапайым ережелерді сақтасаңыз, өзіңізді және жақындарыңызды бруцеллезден және басқа да жұқпалы инфекциялардан сақтайсыз!

**Ардақ ЕШКЕНОВА,
Жетісу облысының
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаментінің бас маманы**

АСЫЛ ҚАЗЫНА

ЖАСТАРЫМЫЗ АНА ТІЛІН БІЛУІ КЕРЕК

Мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын барынша кеңейте түсіп, мәртебесін арттыра түсу үшін мемлекет тарапынан барлық мүмкіндіктер тудырылып отыр. Алайда, бұл тұрғыда ауқымды істер атқару арқылы толыққанды нәтижеге қол жеткізу үшін кейбір қолбайлаулар кедергі келтіріп отырғаны да құпия емес. Соның салдарынан бүгінгі таңда мемлекеттік тілді қолдану аясы төрт аяғынан тең басып тұр деп айта алмаймыз.

Басты кемшілігіміз еліміздің болашағы сеніп тапсырылатын балаларымызды талбесіктен бастап ана тілімізбен ауыздандыруға жете көңіл бөлмеуімізден орын алуда. Өйткені, ана сүтімен бойына даритын ана тілін бүлдіршіп отбасында үйренеді ғой. Ал, егер тілі шығып, талпына бастаған бүлдіршінге үйреніп қалған орыс тілінде сөйлеп, тәрбие беретін болсақ, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, тілі шығып, қаз тұрып, тәй тәйлай бастағанда орысша шүлдірлей бастайтыны белгілі жайт. Әйгілі ақын Қадыр Мырза Әли, жырлағанындай, өзге тілдің бәрін біліп, өз тіліңді құрметтеуің керек қой. Көп тіл білуге ешкім тыйым салмайды. Міне, сондықтан баланы жастайынан неге үйретсең соған бейімделіп өседі ғой. Тілді үйрену тәрбиеге байланысты екенін.

Ол жайында Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев та үнемі айтып келеді. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына сапары барысында: «Әлем халықтарының жақсы қасиеттерін бойға сіңіріп, озық үрдістерін үйрену үшін тіл білу қажет. Бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп айтқан. Шын мәнінде, жастар неше тіл білсе, алдынан сонша елдің есігі айқара ашылады. Бұл туған елінің мүддесіне қызмет ету үшін қажет. Дегенмен, ең алдымен, жастарымыз ана тілін – қазақ тілін білуі керек», деп атап көрсеткен болатын.

Сайып келгенде, Қазақ елінде, қазақ жерінде, қазақ тілі – мемлекеттік дәрежеде өркендеуі қажет, оған тек қазақ халқының ұрпақтары ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан барлық ұлт өкілдері үлес қосу керек. Өйткені, мемлекеттік тілді меңгеруге атсалысу – ел азаматтарының ортақ міндеті. Ендеше, Қазақстан мемлекетінің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түсінсек, болашақ ұрпаққа отан алдында жауапты екенін ұғындырсақ, тіл мәдениетін көтеріп, оның ішінде өзге тілдерге көлеңке түсірмей, өз тіліміздің мәртебесін арттырып, қолдану аясын кеңейтуімізге әбден болады.

Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,

Текелі қалалық сотының судьясы

ОРТАЛЫҚҚА – 70 ЖЫЛ

БАЛАЛАР ӨНЕРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

«Жетісу облысы білім басқармасының Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балалар шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына – 70 жыл.

Текелі қаласында 1954 жылдан музыка мектебі Эрик Фёдорович Тимнің басшылығымен жұмыс істеді. Ұжымда 70 кәсіби білікті мамандар, музыканттар және қалада көркемсурет мектебі де жұмыс жасады. Музыка және көркемсурет мектебінің қайта ұйымдастыру нәтижесінде 2002 жылы Балалар шығармашылық орталығының негізі қаланды. Ұжымға Н.В.Самарина жетекшілік етті, ал 2009-2023 ж.ж. аралығында орталықты Светлана Бейспекова басқарды.

Орталық қызметінің негізгі мақсаты жалпы білім беру мектептерімен бірлесіп отырып, тұлғаның жан – жақты қалыптасуына оның қабілетін барынша дамытып, оқушыларды еңбекке тәрбиелеу болып табылады. Бұл мекеме қойылған мақсаттарын іске асыру үшін бұқаралық шаралар, ұдайы көрмелер, концерттер арқылы, бұқаралық ақпараттар, баспасөз теледидар арқылы музыка және көркемсурет бағыттары жайлы насихатын жүргізеді. Өзі және басқа мекемелермен бірігіп семинарлар, жарыстар, жиындар, байқаулар, көрмелер және концерттер өткізеді. Оқушылардың рухани және кәсіби жетілуіне салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыруға, бос уақытты тиімді өткізуге арналған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы білімге және өнерге деген мұқтаждығын қанағаттандыру шеңберінде, оқу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Балалар шығармашылық орталығының шәкірттері түрлі облыстық, аймақтық және халықаралық байқауларға белсене қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр. Орталық үш бағытта жұмыс істейді. 2014 – 2016 жылдары аралығында С. Бейспекованың басшылығымен қобыз, гитара, дәстүрлі ән, би сыныбы, дайындық тобы, вокал сыныптары ашылды. Балалар шығармашылық орталығының ұстаздар ұжымы үнемі ізденіп, өз кәсіби шеберліктерін шыңдап келеді. Оқушылар қазақ және орыс ұлттық аспаптарын үйреніп, «Самал» және «Лира» домбырашылар ансамблін құрды. 2016 жылы мектебіміз облыстық «Қосымша білім беру үздік мекемесі» байқауына қатысып II жүлделі орынға ие болып дипломен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

2023 жылы Светлана Ахметқалиқызы зейнетке шығуына байланысты, қараша айынан бастап Балалар шығармашылық орталығына Карабалина Шолпан Еркенқызы басшы болып тағайындалды. Қазіргі таңда орталықта гитара, скрипка, домбыра, қобыз, фортепиано, аккордеон, хореография, сурет, мүсін, драма, акробатика, дәстүрлі ән, вокал үйірмелері жұмыс істейді. Жалпы оқушылар саны 750 және 24 оқытушы дәріс береді. 2024 жылы орталықта вокалдық аспаптық ансамбль, қобыз сыныбы қайта ашылды. Балалар шығармашылық орталығының оқушылары халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардың жүлдегерлері. Жыл сайын «Балалар шығармашылық орталығы» дәстүрлі түрде Текелі қаласына «Бақытты балалық шақ» атты есеп беру концертін өткізіп отырады.

**Б.ТАУБАЕВ,
архивист-программист**

Құттықтаймыз!

Құрметті пошта байланысы қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Дүниежүзілік пошта күнімен құттықтаймыз! Сіздер өз істеріңіздің нағыз кәсіби маманысыздар, өйткені күн сайын өздеріңіздің қиын міндеттеріңізді жауапкершілікпен орындайсыздар. Қазіргі уақытта бұрынғыдай айлап хат күтуді жылдамдық пен жаңа қызметтер алмастырды. Пошта қызметі де заман талабына сай жаңғырды. Сала қызметкерлері күннен күнге халыққа қызмет көрсетуді жеңілдету мақсатында тынбай еңбек етіп келеді.

Сіздерге амандық, мейірімділік, мықты денсаулық, сергектік, жаңа күш, өзара түсіністік тілейміз. Отбасыларда сүйіспеншілік пен құрмет, береке мен сенім ұяласын!

«Талдықорған» газетінің ұжымы

БАЙҚАУ

МАҚАЛ - СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

Талдықорған қаласының әкімдігі «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасында мектеп оқушылары арасында «Мақал – сөздің мәйегі» атты байқау өтті.

Бұл негізінен, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру аясында жас ұрпақты бабаларымыздың даналық інжу – маржаны, сөз мәйегі болып табылатын мақал – мәтелдер арқылы тәрбиелеу, саналы ой мен көркем мінез – құлқын қалыптастыруға ықпал ету мақсатын көздеді.

Байқауға 22 оқушы қатысты. Іс-шара барысында тіл маманы Ләйле Қазнабаева, Талдықорған қалалық орталық кітапханасының меңгерушісі Назгүл Альбианова, Талдықорған қалалық орталық кітапханасының кітапханашысы Рая Узембаева әділқазылық етті.

Байқау қорытындысында I орынды – Рабия



Талғатбек, II орындарды – Ерік Ахмедияр, Алпамыс Мұратханов, III орындарды Мархабат Өшімхан, Ақбота Бейсенова, Бейбарыс Болат иеленді.

Ал Айша Тоқтарғазы мен Әлижан Фархад ынталандыру сыйлығына лайық деп табылды. Жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар, жетекшілеріне алғыс хаттар тапсырылды.

Д. МӨКЕН

БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛ – 3500 ТҒ.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.

ПОШТАДАН:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА)	ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА)
1 жыл – 7638,56 тг.	1 жыл – 4066,40 тг.
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ)	ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ)
1 жыл – 4566,40 тг.	1 жыл – 4066,40 тг.
ИНДЕКС 15771	ИНДЕКС 65771



МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТТАН АНЫҚТАМАНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ? КАК ПОЛУЧИТЬ СПРАВКУ ИЗ ГОСАРХИВА?

Көп жағдайда мұрағаттық анықтама еңбек өтілі, білімін немесе біліктілігін растау үшін қажет.

Часто архивная справка нужна для подтверждения трудового стажа, образования или квалификации.

Құжатты ХҚКО немесе электрондық үкімет порталы арқылы алуға болады.

Получить документ можно через ЦОН или портал электронного правительства.

ХҚКО-ға жүгінген кезде келесі құжаттар қажет:

- ✓ Сәйкестендіру үшін жеке куәлік;
 - ✓ Сұратылған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері болған жағдайда қоса беріледі.
- При обращении в ЦОН необходимы следующие документы:
- ✓ Удостоверение личности для идентификации;
 - ✓ При наличии прилагаются копии документов, подтверждающие запрашиваемые сведения.



Қызмет тегін көрсетіледі.

Өтінімді қарау мерзімі – 11 жұмыс күні.

Егер екі және одан да көп ұйымнан ақпарат сұрату керек болса немесе 5 жылдан астам кезеңді зерделеу қажет болса, қызмет көрсету мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ мерзім күнтізбелік 30 күннен аспауы тиіс.

Услуга предоставляется бесплатно.

Срок рассмотрения заявки – 11 рабочих дней.

В случаях, если для оказания госуслуги необходимо изучение документов двух и более организаций, а также периода более чем 5 лет – срок оказания услуги может быть продлен, но не более чем на 30 календарных дней.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по области Жетісу

АСТАНАДА ЖЕТІСУ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасы 2024 жылдың 12-13 қазан күндері Астана қаласында Жетісу облысы тауар өндірушілерінің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізетіндігін хабарлайды.

Өтетін орны және сағаты: «Қазанат» ипподромына қарама-қарсы алаң, сағат 8.00-ден басталады.

Жетісу облысының ауыл шаруашылығы басқармасы



ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ АГЕНТСТВО РК ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ҚАНАФАТТАНБАЙСЫЗ БА?

TELEGRAM - БОТ АРҚЫЛЫ МӘСЕЛЕҢІЗДІ ОҢАЙ ӘРІ ЖЫЛДАМ ШЕШІҢІЗ



НЕ УДОВЛЕТВОРЯЕТ КАЧЕСТВО ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ?

РЕШИТЕ СВОЮ ПРОБЛЕМУ ЛЕГКО И БЫСТРО С ПОМОЩЬЮ TELEGRAM-БОТА



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«EgovKzBot2.0»

Telegram боты іске қосылды

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агентінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметкердің сапасын арттыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыруда. Департаменттің негізгі міндеті – көрсетілетін қызмет алушылардың құқықтарын сақтау және оларды қалпына келтіруге арналған механизмдерді қамтамасыз ету.

Халықтың құқықтарын қорғау мен мәселелеріне жедел жауап беру үшін департамент «EgovKzBot2.0» Telegram ботын іске қосты. Бұл бот азаматтарға туындаған қиындықтарын білдіруге мүмкіндік береді және оларға құқықтарын қорғауда көмектеседі.

Бот іске қосылғаннан бері 12 азамат шағымдарын білдірді. Шағымдардың басым бөлігі мемлекеттік қызметтерді алуға сілтемелерді ұсыну, олардың алу тәртібін сипаттау және Egov.kz мобильдік қосымшасы арқылы электрондық құжаттарды жүктеуге байланысты.

Егер мемлекеттік қызмет алуда қиындықтарға тап болсаңыз, мысалы, артық құжаттар талап етілсе, қызмет көрсету мерзімі бұзылса, не болмаса негізсіз бас тартылса, «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы шағым қалдырып, нақты жауап ала аласыз.

Департамент азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік қызмет көрсету механизмдерін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізеді.

Мемлекеттік қызметтерді алуға заң бұзушылықтарды болдырмау және халықтың құқықтарын қамтамасыз ету – біздің басты мақсатымыз.

@elgeqyzmet.gov.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің төрағасы А.Сағымбековтің 02.10.2024 жылғы №63-НҚ бұйрығымен бекітілген «Карабасов» жеке кәсіпкердің бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне тариф және тарифтік сметасы қоса беріліп отырған №1 қосымшаға сәйкес – 4718,94 теңге/ваг-км мөлшерінде бекітілді.
 - Осы бұйрық 2024 жылдың 1 қарашасынан қолданысқа қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
 - «Карабасов» жеке кәсіпкері тарифтің өзгертілгені туралы ақпаратты тұтынушыларға тарифті қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік бес күннен кешіктірмей хабарлауы тиіс.
- 1-2. Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Жетісу уведомляет всех потребителей о том, что ИП «Карабасов» утвержден тариф с учетом НДС – 4718,94 тенге, для предоставления проезда при отсутствии конкурентного подъездного ж/д пути, приказ №63-НҚ от 02.10.2024 г., вступление в силу с 1 ноября 2024 года.
- ИП «Карабасов» обязан довести до сведения потребителей не позднее 5-ти рабочих дней со дня утверждения приказа.

Талдықорған қаласының ардагерлер кеңесі, Жетісу облыстық бильярд федерациясының төрағасы, белсенді ардагер Есімов Тоқтар Есімұлына және отбасына баласы Нұрбол ТОҚТАРҰЛЫНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.
Тапсырыс №1094 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.